



ОЧЕСТАВИТЕЛЬСТВО. Рассказы о казаках и их жизни. Книга для чтения

Мұқағали Мақатаевтың Қолжазба Мұрасы Хақында



Біз мақаланы жыр жампозы, қарымды қаламгер Жұмекен Нәжімеденовтің «Қазығұрт» баспасынан жарық көрген толық шығармалар жинағының 7-ші томынан (2012 ж.) алдық. 1980-ші жылы жазылған «Мұқағали Мақатаевтың қолжазба мұрасы хақында» атты мақалада автор М.Мақатаевтың 744 беттік қолжазбасы жөнінде толғанады. «...өз басым осы қолжазбаны алғаш ұстағанда екі түрлі сезімде болдым. Оның бірі – қуаныш, бірі – қорқыныш», – дейді ақын.

Әр өнерпаздың, ақынның мықтап бір танылып, міні ойсырап, шыңы жарқырай көрінетін уақыты болады. Бұл жай – белгілі бір жылдардағы әдеби модаға да, ағым-алыпқаштыға да, тіпті, сол ақынның өлі-тірісіне де байланысты емес секілді...

Мұқағали марқұм көзі тірі кезінің өзінде жарқырап танылған шын мәніндегі таланттарымыздың бірі еді. Сондықтан шығар, өз басым осы қолжазбаны алғаш ұстағанда екі түрлі сезімде болдым. Оның бірі – қуаныш, бірі – қорқыныш. Қуанғаным – өзіме әлдеқашсаннан таныс екпінді, әсерлі жырлармен қайыра кездесу рахаты, тұщыну, тану ләззаты да, қорқынышым – жақсы ақынның бұрын белгісіз орасан бір олқылықтарын мінін, осалдық жағын көріп қою: содан қауіптену, содан секемдену түйсігі екен. Өйткені, әркім жақсы көрген, үміт еткен адамының бойынан ақау көргісі келмейді ғой. Мені, алдын ала ашылайын, әлгі айтылған екі сезім алдамады, екеуі де орнынан табылды. Бірақ, қолжазбаны оқу үстінде қуанышым молыға, қүшіе түсті де, қорқынышым бірте-бірте азая берді. Себебі, мен ақын жырларынан көрген кемшілік-міндерді кешіріп, соған көндігіп үлгердім. Бұған әсер еткен – қолжазбаның ересен молдығы. Жеті жүз қырық бет өлең! Және кітап бетін көрмеген жаңа өлең!

O, жастық!

Сен өлгенде – мен өлемін,

Сенсіз мен қыылған бір бөренемін.

Көнермін, білемін, көнеремін,

Көгере бер мәңгілік сен, өлеңім,

Жырсыз менің өмірге не керегім,

Жырдан басқа жұртыма не беремін? – (12-б).

Рас, жырдан басқа ақын не бере алады? Жырдан басқа жұрт не қүтеді, не талап етеді? Бірақ, көзі тірі ақынға талап тым көп. Ақынның жүрістүрьесі, берген сәлем, алған қолы, тәртібі, мінезі... Мұқағали марқұм ондай талап-міндеттерден құтылған кісі. Бізбен бірге оның жыры қалды. Бұдан былайғы әңгімеміз ақынның тек жыры, өнері тәнірегіндеғана өрбуге тиіс.

Не көрмедім демеймін.

Нені көрдім?

Маған, өмір,

Көрсін деп нені бердің?

Ештеңе де көргем жоқ,

Көрмей, білмей,

Жөніме өлгім келеді, жөніме өлгім. – (55-б.).

Неге көргісі, білгісі келмейді? Ақын атаулы қоруге, білуғе құштар емес пе еді?! Жо-жоқ. Бәрі жақсы, бәрі ақынның, азаматтың назарына, жанрухына лайық болса – неге көрмесін! Тұрмыс-тіршіліктің кейде өстіп адал, арлы жаннның бетін бастыратын «мінезі» – әлем әдебиетіне аян жай. Мұқағали поэзиясы – шын мәніндегі халықтық поэзия. Айқын, ашиқ, әуендей. Өлеңдерінің үнділігі жағынан ол көп ақынға үлгі, өнеге. Одан қазіргі қалам ұстаған жастар үйренер талай-талай қыр, сыр бар. Мұқағали ешқашан моданың ақыны болған жоқ, сондықтан, оның жырлары ескірмейді де. Атайы домбырашының қолындағы қой ішегін таққан домбырадай, барлық уақытта да, күмбірлей есіліп отырмақ.

Ақыр түбі ақылдылар үйретер, арамтамақ, азғын, ақымақтарды. (137-б.)

Лайым, солай болғай. Мұқағали поэзиясының, негізінен,

жарқындығының көп сыры – осы бір үмітшілдікте, сенімде де жатыр.

Шабындықта бөденелер,

шегірткелер ән сап,

Жасыл тоғай жабығуда өздерінді аңсан.

Оралыңдар, оралыңдар, оралыңдар елге,

біздер үшін неге керек атақ, даңқ, мансап.

Шақырады шабындықтар,

бүйра шашты талдар,

Жолдарыңа көзі тігуден

кемпірлер мен шалдар.

Туған жердің аспаны да

азан салып жоқтап,

Жұлдыздарың көздерінен

отты жасы парлар. –(139-б.)

Мұндай өлеңдер бұрын М.Мақатаевта болмаушы еді... Сірә, ақын кейінгі жылдары жырдың формасы, өлшемі төнірегінде де іздене бастаса керек.

Сенемін!

Сенемін мен!

(сенбесен қып қара өлеңімнен!),

Мына жер, ана аспанның тереңінен,

Сенделіп, сенімді іздең келемін мен! – (323-б.).

Ақын сенімді іздең те, сеніп те білген екен. Ізdegенін – тапқан, тапқанын ұстап қолдана да алған, от-ауызды, орақ тілді ақын батыл сөйлейді, жамандыққа, жаман міnezге төзімсіз-ақ. Мұнысы ақынның осы, соңғы жырларында, әсіресе, айқындала, ашыла түскен секілді. Мына бір жолдарды оқығанда менің көз алдыма: жазушылар үйінің коридорында әлдекімді ұстап ап, көзіне шұқып тұрған Мұқағали марқұмның аужар бейнесі елестейді:

Сен емессің, емессің!

Сен емессің!

Жақсылық көрген емес сенен ешкім.

Сен – өсекшіл қатынсың, ер емессің!

Алаңысың төбелес, ерегестің!

Жұрттың айтқан сөзіне қарамағам,

Мен де сені жағалап, ағалағам.

Бұл күні,

Естисің бе, жаман адам,

Басыңды бес тынға бағаламан. – (259-б.)

Бұсынды қatal сөздерді естуге лайық адамдар әлі де жүр. Олар Мұқағалидың жан сырын, неге қуанып, неге ызаланатынын ешқашан үққан емес, баққандары әдебиеттің аз ғана қабілетті адамдарының төнірегінде өсек өрбіту, сөз көбейтіп, пікір тарату. Олар үшін өнер – тамақ асыраудың, дәреже, мансап өсірудің құралы ғана. Аз ғана талантты жандардың өнеріндегі, не өніндегі сынықтықты көрсе – бір жасап қалатын қатыгездер...

Мақатаев көп жүртқа «Қызылкөз бәле» құсап көрінгенмен зады момын, жаны нәзік, сезімтал, жүргегі жалаңаш адам еді. Ол құлық-сұмдықты білмейтін. Оны ғұмыр бойы – еңбегі, өлеңдері сүйреп келді.

Өлеңдеріндегі сықылды алғырлық өзінде болған жоқ. Эйтпесе, өлеңін өзі сүйрер еді ғой. Өнерінің сүйреп әкелген жері – Мұқағалидың тірісінде көрген рахаты. Ал, өнерін өзі сүйрейтіндей пысықтығы болғанда Мұқағали – Мұқағалидан әлдеқайда биік тұруға лайық жан. Сол олқылық енді толуға керек... Ақын жырларына жүртшылық ықыласы соңғы бірер жылда, әсіресе, қатты құлады. Оның себебі, жырқұмар қауымның көзі жоқ кісіге деген ізет-құрметінен ғана емес, өлең

сапасынан да. Басында айтқанымыздай, ақын қазір шын танылып отыр. Мұқағалидың күні бүгін жетістігі де, кемшілігінің де алақанымызда секілді. Бірақ, бұндай түсінікке де сақ қараған жөн. Біздің қолымыздағы бір машина сексеуіл емес, бір папка жыр. Поэзия! Қазіргі деңгейімен қарағанда да, осы дүниелердің ішінде, ашығып айту керек, баспа бетін көруге жарамайтын дүниелер жоқтың қасы. Ең нашар дегендерінің өзі ақынның қолынан шыққанын сөйлеп түр. Эйткенмен, біраз жырлар автордың соңғы редакциясынан өтпеген, жол, шумақтар іріктеліп, сараланбаған. Қайсыбір өлеңдер бірін-бірі қайталаған күйінде жүр. Мұның бәрін нақ бұл қалпында берсек – ақынның атына лайық іс еткен болмаймыз. Тіпті, машинадан кеткен қате болуы да мүмкін, қайсыбір түсініксіз сөздер, тіркестер кезігеді екен – ондайдан арылтып ұсыну мақұл. Негізінен, оқушыны сүйсіндіріп отыратын бұл қолжазбаны оқып шыққанда, өз басым, мынадай түйінге келдім:

1) Барлық қайталау, қателерді сылып тастау жөн. Қолжазбаның көп беттерінде белгілер соғылып отырды. Әсіресе, бірінші папкада ауылды еске алу сарыны өте мол. Ең жақсыларын іріктеп басу керек. Соңсоң, тағы да бірінші папкада «Мен шын махабbat көргем жоқ» дегенді көп айтады, оны да азайтпаса болмайды.

2) «Менің Отаным» (409-бет) атты ұзак өлеңде «Жылғалар, көлдер, бұлақтар», т.б. біртекті сөз-ұғымдарды тізе береді, тізе береді, бірақ аяғында түйін жоқ.

*Каршыға тиіп кептерге,
Қанатын үзіп кеткенде,
Қалқып бір үшқан наизадай,(?)
Тырналар ұшып өткенде,*

Саршаның күні (тамыздың шығар)

Жеткенде... – (263-бет) секілді Сыпыра жыраулық аңғарылады. Мұндай тұстар біраз бар. Оларды да әзірге (ақын шығармаларының толық жинағы шыққанға дейін) ұстай түрған дұрыс болар еді. Сондай-ақ, «Отаным, саған айтам» (719-бет) атты поэма да тым арзанқол, Мұқағали атына татымайды.

3) Толып жатқан ән текстері бар. Оларды да кейінгі кітаптарға қалдыра тұру абзал. Ақын Мұқағали Мақатаев – қазақ поэзиясының өлі-тірісін қоса есептегенде, ешбір қайраткерінен кем емес. Оның қалдырып кеткен мұрасы төңірегінде әлі талай келелі-келелі сөздер қозғалары хақ. Мына жинақ болашақта ақын творчествосына арналып айтылар сүйсіну-мақтау сөздер биігіне апарар жолдағы алғашқы баспалдақ қана.

Оқушыны ренжітіп алмас үшін (ал, оған автордың өлі-тірісі бәрібір) азды-көпті іріктеу, жинақты бұдан да гөрі жақсарту шараларын, шет-жағалап та болса, айтып өттік. Бұл жұмысты жауапты, сауатты редакторға жүктеу дұрыс